

**Тамақтану сапасын тексеру комиссиясының  
2023-2024 оқу жылының  
3 тоқсандық есебі**

Мектептің санитарлық жағдайы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21857 болып тіркелді) негізінде білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай.

2023-2024 оқу жылының тамыз айында педогогикалық, қамқоршылық кеңес отырысында мектеп бойынша ыстық тамақтың сапасын тексеру мониторинг, бракеражды комиссиясы құрылып, алдағы оқу жылына оқушылардың тізімі, ыстық тамақпен қамтудың, бракеражды комиссиясының жұмыс жоспары бекітіледі. Сонымен қатар, ыстық тамақпен қамту бойынша директор жанындағы отырыста да қаралды.

Жоспар бойынша жауапты тұлғалар мен атқарылатын қызметтері талқыланды. Жалпы тізім бойынша мектепте жалпы оқу қорынан 31 оқушы ыстық тамақпен қамтылады. 1 – 4 бастауыш сынып аралығында – 17 оқушы, жоғары сыныптан -15 оқушы. Биылдан бастап оқушылар екі специфика бойынша ыстық тамақпен қамтылады. Бастауыш сынып оқушылары 141- специфика бойынша 17 оқушы, 163- специфика бойынша ыстық тамақпен 5 оқушы, ( аз қамтылған отбасынан -3 оқушы, әлуметтік көмек алатын отбасынан – 2 оқушы), 9 оқушы демеушілердің тарапынан. Барлығы 100 пайыз тегін тамақтанады. Оқушылар ауыз суымен қамтылған.

Облыстық аудандық ас мәзіріне сүйене отырып, мектебімізде ас мәзірі құрылды. Әр балаға 141 – специфика бойынша 450 тенгеден, 163 – специфика бойынша 690 тенгеден құралды. Асханада ас мәзірі 141- специфика бойынша, 163 – специфика бойынша тамақтар әзірленіп отырады.

Барлық есепті кезең ішінде бракераждық комиссия мүшелері мектеп асханасының жұмысына, келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығын бақылауға, мектеп асханасы қызметкерлерінің азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарын, ас мәзірін, дайындық дәрежесін нормаға және бекітілген ас мәзіріне сәйкестігін бақылауға алды.








Мектеп асханасы қызметкерлерінің міндетті медициналық тексеруден уактылы өтуін бақылау жүзеге асырылған. Күнделікті рұқсатнама-санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тексеру, дайын тағамдардың сапасын күнделікті бақылау, санитарлық ережелермен бекітілген нысан бойынша бракераж журналына тиісті жазбасы бар. Ыдыстардың, ас бөлмесінің тазалығын, үстелдерді жуу және дезинфекциялау, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауға сәйкес іс-шаралар күн сайын жүргізіледі. Барлық өнімдерге арналған сертификаттар бар. Асхана қызметкерлері қауіпсіздік техникасы нормаларын сақтайды.

Есепті кезеңде жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан 163 – спецификасы бойынша 8 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Бракераждық комиссия мүшелері оқушылардың күнделікті тамақтануына бақылау жүргізеді. Мектепте ата-аналардың растаушы құжаттары, өтініштері, қамқорлықтағы, аз қамтылған балалардың барлық оқушыларына тұрмыстық- әлеуметтік жағдайы туралы актілері бар. Тамақтану кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Комиссия асхананың жұмысын қанағаттанарлық деп таниды.

Мектеп директорының м.а.:

ТЖДО:

Комиссия мүшелері:

 Сапаров М.Т.  
 Аманбаева К.К.  
 Ахметова М.А.  
 Куспекова Г.Б.  
 Кожабеева Р.Б.  
 Сутжанова Ж.Ж.  
 Мухамеджанова М.Н.